Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 392-393

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУДЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Тилеубергенова А. М.

Агроөнеркәсіп кешені қазіргі таңда ел экономикасының маңызды құраушысы.Аграрлық сектор ЖІӨ-нің 6% және халық тұтыну қорының 70%-ын құрайды, сонымен қатар елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз етеді. Агроөнеркәсіп кешенінің дамуы өз кезегінде жалпы экономикалық потенциалдың жағдайын, азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейін және қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық тенденцияны анықтайды. Кешеннің басты және маңызды бөлімі болып ауыл шаруашылығы табылады. Соңғы 10 жыл ішінде ауыл шаруашылығының ЖІӨ-гі үлесі 6%-ды құрап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің жағдайы әдетте оның материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейімен сипатталады. Ал бұл өз кезегінде ауыл шаруашылық техникасын сатып алу көлеміне тікелей байланысты. Өкінішке орай, ауыл шаруашылығының техникамен қамтамасыз етілуі әлі де төмен деңгейде.

Қазіргі таңда елімізде ауыл шаруашылық техникасының 80%-ға жуығы пайдалану мерзіміне сәйкес тозды. Мысалға алатын болсақ, ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылып жүрген астық жинайтын комбайндар мен тракторлардың 80% қолдану уақыты 13-14жыл, бірақ норма бойынша оларды пайдалану мерзімі орташа есеппен алғанда 8-10 жыл. Яғни, астық жинайтын комбайндардың 71%, тракторлардың 93%, дәнсепкіштердің 95% есептен шығарылуы тиіс.

1-кесте. ҚР-ғы ауыл шаруашылық машиналарының үлесі, бірлік

Техника түрлері:	2006 жыл	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
Тракторлар	132 676	134 799	137 213	156 037	156 656	155 580
Астық жинайғыш комбайндар	44 339	44 621	45 454	48 032	49 503	46 997
Дәнсепкіш-тер	87 625	90 362	90 743	91 599	90 960	77 187
Егіс	771	1 126	1 520	1 995	2 408	2651

кешендері						
Дестелгіш	15 458	15 575	15 243	15 439	15 200	15 233

Дерек көзі: ҚР Ауыл шаруашылық министрлігі.

Кестеден көріп отырғанымыздай ауыл шаруашылығы техникаларының көп бөлігін тракторлар алып отыр, оларға жалпы ауыл шаруашылық техникасының 22% тиесілі.

Төменде келтірілген диаграмма негізінде келесідей қорытынды жасауға болады: ішкі өндіріс жалпы ауыл шаруашылығын қажетті техникамен және арнайы құрал-жабдықтармен жабдықтау үшін жеткілікті емес деңгейде. Саладағы инвестиция да жеткіліксіз, ал көптеген өндірістер ескірген. Осының нәтижесінде алдыңғы орынға импорттық өнім шығады.

Ауыл шаруашылығының техникалық базасы әдетте ауыл шаруашылығы бағытындағы машина жасау өндірісіне тәуелді болады. Елімізде ауыл шаруашылық бағытында машина жасау өндірісі әлдеқайда төмен. Бұл тұрғыдағы ең басты мәселелер:

- шет мемлекеттерден импорт есебінде алынған материалдар мен техникаларды қолдану;
- мерзімі өткен көне технологияларды қолдану және негізгі құралдардың тозуы;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілердің төлемқабілеттілік деңгейінің төмен болуы;
- несие ресурстарды алудың қол жетімсіздігі;
- лизингтік компанияларға отандық машина жасау өндірісін қаржыландыру үшін заң тарапынан шектеулердің көп болуы.

Осы проблемаларды шешу жолдары 2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасында (Агробизнес-2020), сонымен қатар индустриялды-инновациялық даму бағдарламасында арнайы агроөнеркәсіп кешеніне арналған бөлімдерде кеңінен қарастырылған. Осы бағдарлама негізінде 2014 жылға дейін ауыл шаруашылығы машина жасау өндірісі өнімдерінің көлемі 2 есе көбейеді, соның ішінде 1 жылда шығарылатын комбайндардың саны 800 бірлікке дейін, ал тракторлардың саны 1000 бірлікке дейін көбейеді. Сонымен қатар еліміздің облыс орталықтарында ауыл шаруашылығы техникасын өндіру мен қызмет көрсету бойынша ірі 9 сауда-қызмет көрсету орталықтарынан құралған арнайы жүйе құрылуы тиіс.

Ауыл шаруашылығының техникамен жабдықталу деңгейінің жоғары болуы ең алдымен, ауыл шаруашылығындағы маусымдық жұмыстардың және ауыл шаруашылық өнімдерін уақытылы алуға тікелей байланысты. Ал техниканың қымбат болуы және банктік несиелер мен лизингті алудың қысқа мерзімділігі көптеген ауыл шаруашылық өнімдірін өндіретін өндірушілерге өз негізгі құралдарын жаңартуға қиындық туғызуда.

Негізгі құралдарды сатып алу үшін алынатын несиелік құралдардың біраз бөлігі лизингтік компаниялар мен екінші деңгейлі банктердің тартылған және меншікті ақша қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Бұл орайда, ауыл шаруашылығы саласына берілген несиелердің 42% «НУХ«КазАгро» АҚ-ның еншілес акционерлік ұйымдарына тиесілі.